



Бекітемін,  
Мектеп директоры:  
А. Тунгушбаев

**№2 Ж. Жабаев атындағы 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесін  
атап өтуге арналған іс шара**

**ЖОСПАРЫ:**

№	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Жауапты
1	«Батыр аналар» , « Алтын алқа» иегерлеріне ерікті жастардың қайырымдылық іс-шараларын өткізу	03.03.2026	Әлеуметтік педагогтар Б.Қамбаева А.Әбиев	ДТЖЖО М.Нурманова
2	«Жас қырандықтардың» көп балалы аналарға, соғыс және еңбек ардагер-әйелдерге арнаған құттықтауды ұйымдастыру	04.03.2026	Тәлімгер Д.Байтасова	ДТЖЖО М.Нурманова
3	«Асыл ана, ардақтаймын мен сені!» «Қайран біздің аналар,арды ойлаған!» тақырыбында тәрбие сағаттар «Әкем, анам және мен» спорттық шаралар өткізу. Қазақтың ұлттық ойындары	05..03.2026	Тәрбиешілер.  Дене шынықтыру мұғалімдері	ДТЖЖО М.Нурманова
4	«Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында қыздар жиналысын өткізу	05..03.2026	Педагог-психолог О.Залова	ДТЖЖО М.Нурманова
5	Барлық білім беру ұйымдарында аналарға, әйел, қыз-келіншек ұстаздарға арнап қабырға газеттерін жасау	03-13.03	ҚБПП А.Болатбекова Үйірме жетекшілер	ДТЖЖО М.Нурманова
6	«Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» Мектепте қызмет ететін әйел ұстаздар, медбикелер, тәрбиешілер, есепшілер, тех.қызметшілерді құрметтеу және марапаттау рәсімдерін ұйымдастыру	07.03.2026	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева ҚБПП А.Болатбекова Тәлімгер Д.Байтасова	ДТЖЖО М.Нурманова

7	<b>«Көктем ару-2026» қыздар арасында сайыс</b>	<b>13.03.2026</b>	<b>Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева</b>	<b>ДТЖЖО М.Нурманова</b>
---	--	-------------------	--	------------------------------

**Дайындаған: М.Нурманова**

Түркістан облысы  
Шардара қаласы  
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

# «Аналар асыл жандар!»



Дайындаған: Ажибекова А.

2025-2026 оқу жылы

**Тақырыбы: «Аналар асыл жандар!»**

**Мақсаты: Аналарды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу**

**Балалардың сөйлеу, ән айту, тақпақ оқу дағдыларын дамыту**

**Ата-ана мен бала арасындағы жылы қарым-қатынасты нығайту**

**Тәрбиеші: - Құрметті асыл аналар, аяулы әжелер! Сіздерді көктемнің шуақты мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!**

**Ана – өмірдің гүлі, отбасының жүрегі, мейірімнің шуағы. Бүгінгі мерекеміз сіздерге арналады!**

Олай болса, бүгінгі аналарға, әжелерімізге арналған 0«Г» тобының балаларының «Асыл ана, ардақтаймын мен сені!» ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Ендеше ортаға 0 «Г» тобын ортаға шақырсак

Барлық балалар хормен: Құттықтаймыз анашым, 8 - ші Наурызбен!

**Тәрбиеші:**

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық.

Тәрбиеші: - «Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзы да жібітеді»- демекші, балаларымыздың аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

1-Айсана

Анашым менің алтыным,

Күлімдеген жарқыным.

Сені жақсы көремін,

Жүрегімнің шуағым.

2-Ислам

Анам менің ең жақсы,

Әрқашанда мейірлі.

Анам барда бақыттым,

Жүремін мен көңілді.

3-Тамирис

Ана деген – бір әлем,

Жылу сыйлар күндей.

Анамды мен жақсы көрем,

Еркелеткен гүлдей.

4- Әмірхан

Анашым менің сүйікті,  
Әрқашанда күледі.  
Мен үшін ең қымбат жан,  
Жүрегімде жүреді.

5-Омар

Анам барда қасымда,  
Қуаныш бар басымда.  
Анашыммен бақыттым,  
Жүрегімде жасынба.

6-Айғаным

Ана деген асыл жан,  
Мейірімі шашылған.  
Анам менің ең жақсы,  
Әлемдегі ақылман.

7-Кәусар

Анамды мен сүйемін,  
Құшағына сиемін.  
Күні бойы жанымда,  
Бақытты боп жүремін.

8-Ерлан

Ана – өмір шуағы,  
Жанымның бір бұлағы.  
Анам менің қымбатым,  
Көңілімнің тұрағы.

9-Толғанай

Анам барда қуаныш,  
Күлімдеймін әрдайым.  
Анашымның жанында,  
Өтеді күн жайнайын.

10-Замира

Анашым менің аяулы,  
Жүрегі кең, мейірлі.  
Сені жақсы көремін,  
Әлемдегі ең сұлу.

11- Сүңдет

Ана – менің тірегім,  
Жүрегімнің бір емі.  
Анамды мен жақсы көріп,  
Айтам бүгін тілегім.

12- Айзере

Анам менің ең жақын,  
Жылы сөзге бай алтын.  
Күлімдесе анам егер,  
Күні бойы жайнап тұрмын.

13-Елдос  
Анашым менің сүйіктім,  
Жүрегімде үмітім.  
Мерекенмен құттықтайм,  
Бақыт тілеп бүгін мен!

**Хор:** Ана деп ән саламын.

**Ән:** Ана туралы ән папури Тамирис Толганай

**Ән:** Әжетайым Ерлан

**Ән:** Менің әжем дара Айсана Ислам

**Ән:** Сен бақытты анасың Айзере

**Би :** Анаға арналған би

**Би:** Вальс

**Көрініс:** Күлпашқа пародия үзінді

**1-ойын:** «Менің анам қандай?»

**Балалар кезекпен анасына 3 жылы сөз айтады.**

**(Мысалы: әдемі, мейірімді, ақылды)**

**II бөлім. Ата-аналармен ойындар**

**Тәрбиеші:**

Мерекені қарсы алып,

Мәз болғанда барша жұрт,

Гүл ұсынып қыздарға,

Сыйлық бердім мен өзім - дей отырып қыздарға арналған сыйлығымызды

табыс етуге рұқсат етіңіздер. (Ұлдар қыздарға сыйлықтарын табыс етеді)

Ендігі кезекте Мектебіміздің ТДЖО Нұрманова Меруерт апайымызға кезек берсек

**Қорытынды сөз**

**Жүргізуші:** Құрметті аналар!

**Сіздерге зор денсаулық, ұзақ гүмыр, отбасыңызға береке тілейміз!**

**Балаларыңыздың қуанышына бөленіп жүре беріңіздер!**

*Мексеріңді*

*05.03.2026*

*Анн*

№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебинде «Аналар асыл жандар» тақырыбында  
откен тәрбие сағаттан көрініс

